

Мемлекет басшысы Ұлттық ғылым академиясын Президент жанындағы «Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы деп қайта атау туралы Жарлыққа қол қойды. Ондағы мақсат — Ұлттық ғылым академиясының мәртебесін арттыру. Ғылыми қауымдастық жаңашылдықты жылы қабылдады.

Оңды істерге бастар оңтайлы шешім

Президенттің академия мәртебесін көтеру мақсатында жарияланған Жарлығы көпшіліктің көкейінде жүрген ой еді. Енді Президент жанындағы Ұлттық ғылым академиясының негізгі қызметі еліміздің әлеуметтік-экономикалық басымдықтарына сәйкес ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық қызметтегі басым бағыттарды, сондай-ақ стратегиялық, іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулердің басым бағыттарын айқындап, тиісті ұсыныстар әзірлеу болмақ. Осылайша, Ұлттық академия еліміздегі ең жоғары ғылыми орталыққа айналады.

Мемлекет басшысы қатардағы қоғамдық ұйымдардың біріне айналып кеткен академияны мемлекеттік мәртебеге көтерді. Бұдан былай Ұлттық ғылым мен академияның барлық мәселесі Президенттің тікелей қадағалауымен жүзеге асатын болады. Жарлықта атап көрсетілгендей, Ұлттық ғылым академиясының президентін қызметке тағайындап босататын да — Мемлекет басшысы. Академия мәртебесінің осыншалықты жоғары деңгейге көтерілуі оның ғылым саласын дамытудағы ролін барынша күшейтіп, басым бағыттарын жетілдіруге жаңа серпін беретіні сөзсіз. Бұл ретте элемент жетекші елдеріндегідей академия мүшелерінің де мәртебесі

көтерілетініне сенім мол.

Бұдан былай академия ғылыми ақыл-ойдың қайнары, беделі биік ғылыми-техникалық көшбасшы орталыққа айналуға тиіс. Жарлықта атап көрсетілгендей, оған мемлекет барлық жағдайды жасайды. Ғылым академиясын Президент жанындағы мекемеге айналдырудағы мақсат та осыдан туындаған, енді ол республикалық бюджеттен қаржыландырылады. Жарлықта оны жүзеге асырудың міндеттері мен мақсаттары айқын көрсетілген.

Түйіндеп айтқанда, ғылыми зерттеулердің өзекті мәселелерін анықтайтын және оның жүзеге асыру жолдарын Президент пен Үкімет алдына қойып отыратын еліміздегі ең басты ғылыми

орталық ретінде дамиды. Бұл ғылыми ортаның көптен бері көтеріп келе жатқан жанайқайы еді. Ол жөніндегі өзекті ойларын Мемлекет басшысы өткен жылғы Ұлттық ғылым академиясының мерейтойлық сессиясында ашық айтқанды. Енді, міне, Жарлық ретінде ғылыми қауымдастықтың үкілі үмітін өркенді іске айналдырып отыр. Зиялы қауым мен ғалымдардың көкейкесті мәселелерін жүзеге асыруды бұдан былай ел Президенті тікелей өзі қадағалайды. Демек әрбір ғылыми ұсыныс нәтижелі нақты шешімін табады деген сөз. Сол арқылы барша ғылыми қауымдастық, әрбір жекелеген ғылыми қызметкер мемлекет қамқорлығына алынды деген сөз. Бұл — академиктерден бастап, қатардағы ғылыми қызметкерлердің үкілі үмітін оятып қана қоймайды, олардың жүрегіне сенім ұлатып, істеріне тың серпін береді.

Кенжехан МАТЫЖАНОВ,
М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас директоры, ҰҒА корреспондент-мүшесі